

8D10103-«Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Абуова Жанар Болатбековнаның «Офтальмологияда жаңа дәрілік препаратты қолдануды эксперименттік негіздеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсетіңіз)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету).</p>	<p>Абуова Жанар Болатбековнаның «Офтальмологияда жаңа препаратты қолдануды эксперименттік негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p>2025 жылға қарай Қазақстан Республикасының отандық өндірісіндегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлесін 50%-ға дейін ұлғайту үшін фармацевтикалық нарықта бәсекеге қабілетті өсімдік тектес дәрілер өндірісін жақсарту қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 132-ө өкімімен бекітілген «Фармацевтика және медицина саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» сәйкес ұйым дәрілік өсімдіктерді пайдалана отырып, дәрілік заттар өндірісін дамыту және отандық тағамдық қоспалар мен басқа да өсімдік тектес дәрілік заттарды өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және дамыту мәселелеріне арналған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады /қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған /ашылмаған	Офтальмологияда қолдану үшін жаңа, жоғары белсенді, аз уытты, әсіресе ұзақ әсер ететін препараттарды іздеу жоғары сұранысқа ие болып отыр. Ж.Б.Абуованың диссертациялық жұмысы офтальмология саласында қауіпсіз және тиімді дәрілік заттарды жасауға бағытталған фармацевтика және фармакология ғылымының өзекті мәселелерінің біріне елеулі үлес қосады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы жоғары, өйткені алғаш рет мақсары сығындысынан офтальмологиялық дәрілік қалыптарды алу технологиялары жасалып «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ базасында, өндіріске енгізілді және фармакологиялық зерттеулері жүргізілді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізді, тақырыптың өзектілігін негіздеді, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған және ғылыми жаңалығы бар барлық нәтижелерді автор өзі жеке алған. Диссертациядағы ғылыми нәтижелердің, тұжырымдардың, ұсыныстар мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігінің жоғары деңгейі қазіргі заманғы фармакологиялық, гистологиялық, офтальмологиялық және иммунологиялық талдау әдістерін қолдану, зерттеулерді сауатты жоспарлау, жеткілікті және сенімді эксперименттік материалдар, көрнекі иллюстрациялар мен кестелік мәліметтер,

			эксперименттік жұмыстар нәтижелерін статистикалық өңдеу арқылы расталды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген және халықтың денсаулығын жақсартуға, медициналық және фармацевтикалық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ бәсекеге қабілетті импортты алмастыратын дәрілік заттарды жасау және енгізуге бағытталған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өндіріс технологиясын дамыту, фармакологиялық зерттеулер жүргізу дәрілік препараттар өндірісін дамыту арқылы жүзігі асырылады. Бұл ел аумағының өсімдік шикізатының бірегей қорларының орналасуына, дәрілік өсімдік шикізатынан жаңа дәрілік препараттарды өндіру және оны клиникаға дейінгі зерттеу саласындағы елеулі ғылыми әлеуетке байланысты болып табылады. Жоғарыда айтылған өзектілікті ескере отырып, Ж.Б. Абуованың «Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік негіздеу» диссертациялық жұмысы бойынша микробқа қарсы әсері бар және көздің құрғау синдромы кезінде қолдануға арналған көзге арналған дәрілік түрлерінің фармакологиялық зерттеулері медициналық практикаға өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.</p>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Әдебиеттерге шолу, пайдаланылған материалдар мен әдістер, зерттеулер, қорытындылар мен тұжырымдар диссертацияның көрсетілген тақырыбына сәйкес келеді. <i>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көрсетеді.</i></p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p><i>Қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді</i> және нәтижелермен, қорытындылармен және тұжырымдармен сәйкес келеді. Нақтыланған ғылыми нәтижелер ғылыми мақала ретінде жарияланған («Study of Component Composition and Antimicrobial Activity of the ophthalmic emulsion based on the safflower flowers (Carthamus tinctorius L.)» International Journal of Microbiology. Scopus (процентиль – Site Score - 52). ISSN 1687-918X. Article number 3181270. https://doi.org/10.1155/2022/3181270</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысты. Материал дәйекті түрде берілген, диссертацияның бөлімдері логикалық байланысқан, алынған тәжірибелік деректер негізінде қорытындылар тұжырымдалған. Қорғауға ұсынылған өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және негізгі ережелері алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің жоғары дәрежесімен біріктірілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,</p>	<p>Ж.Б. Абуованың диссертациялық жұмысында белгілі препаратпен салыстырғанда автор ұсынған фармацевтикалық негізін жасау мен</p>

		<p>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>фармакологиялық белсенділіктің дәлелді және сыни талдауы ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен ұсыныстар толығымен жаңа, бұл көзге арналған жақпа майы, мақсары тұқымынан алынған көз тамшылары, алтын және күміс нанобөлшектері бар көз тамшылары, мақсары гүлінен алынған сығындыларынан көз эмульсиясы және алынған барлық дәрілік түрлерінің әсері фармакологиялық зерттеу барысында расталады. Ж.Б. Абуова ғылыми жұмыс нәтижесінде ҚР 2 пайдалы үлгіге патент алды: 1. Мақсары тұқымынан көз тамшыларын алу әдісі (<i>Carthamus Tinctorius L.</i>) 25.06.2021ж. №6168.; 2. Мақсары гүлінен көз эмульсиясын алу әдісі (<i>Carthamus Tinctorius L.</i>) 16.09.2022 ж. №7448. Өнертапқыштық патентке өтінім берілді: Лабораториялық қояндарды иммобилизациялауға арналған құлақты бекітетін арнайы блогы бар құрылғы. Өтінімнің тіркеу нөмірі: 2022/0488.1, от 10.08.2022 г.</p> <p>Сонымен қатар авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәліктер алды:</p> <p>1. Анализ уровня интерлейкинов при моделированном синдроме «сухого глаза»</p>

			<p>экспериментальных животных после лечения новым инновационным препаратом из сафлоры (<i>Carthamus tinctorius L.</i>) №26659 от 31.05.2022 г.</p> <p>2. Изучение антимикробного действия глазной эмульсии на основе цветков сафлора (<i>Carthamus tinctorius L.</i>) №29057 от 27.09.2022 г;</p> <p>3. Определение компонентного состава глазной эмульсии из экстракта <i>Сафлоры</i> №29058 от 27.09.2022 г.;</p> <p>4. Гистоморфологические особенности глаза лабораторных животных после применения глазной эмульсии из экстракта <i>Сафлоры</i> №29397 от 12.10.2022 г.</p> <p>5. Изучение показателей внутриглазного давления после применения разработанных лекарственных форм на основе экстракта <i>Сафлоры</i> (<i>Carthamus Tinctorius L</i>) Авторлық куәлік №29589 от 20.10.2022 г.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Нәтижелер толығымен жаңа, өйткені бірінші рет көзге арналған жақпа майлар, мақсары тұқымынан көз тамшылары, алтын және күміс нанобөлшектері бар көз тамшылары, мақсары сығындыларынан көз эмульсиялары клиникалық зерттеулерде әрі қарай зерттеу үшін перспективалы дәрілік түр ретінде ұсынылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы технологиялық шешімдер мүлдем жаңа, бұл офтальмологиялық тәжірибеге арналған дәрілік түрлерді жасау және фармакологиялық зерттеумен расталады.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</p>	<p>Диссертациялық жұмыс – аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, фармацевтика және офтальмофармакология ғылымдарының өзекті мәселесін шешуге арналған. Диссертацияның кіріспесінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделеді, мақсаты мен зерттеу міндеттері; алынған нәтижелердің жаңалығы көрсетілген, қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі ережелері, олардың теориялық және практикалық маңызы айқындалған. Әдебиеттерге шолу бөлімінде мақсары өсімдігінің емдік мақсатта қолданылуы, биологиялық белсенді заттардың химиялық құрамы мен фармакологиялық белсенділігі және мақсарыны медицинада қолдану перспективалары, мақсары құрамындағы линол қышқылының көздің құрғау синдромындағы маңызы, сонымен қатар көздің құрғау синдромы кезінде интерлейкиндердің маңызы көрсетілген.</p> <p>Диссертант ғылыми зерттеуді ұсыну кезінде зерттелетін мәселеге жақсы көңіл бөлгенін және отандық және шетелдік әдебиеттерді талдай білу қабілетін көрсетті. «Материалдар мен әдістер» бөлімінде белсенді фармацевтикалық ингредиенттерді хроматографиялық талдау, микробқа қарсы әсерін зерттеу, көздің құрғау синдромын эксперименталды модельдеу әдістері мен офтальмологиялық тексеру және</p>

			<p>иммунологиялық зерттеу әдістері сипатталған. Жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері ғылыми нәтижелердің сенімділігін және зерттеулер қорытындыларының негізділігін көрсетті. Автор зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар тізімін, соның ішінде Scopus сияқты рецензияланған ғылыми басылымдар тізімін ұсынды. Тақырыпқа сай халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасаған. Барлық тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған ережелер дәлелденген. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділік дәрежесі диссертацияда баяндалған тақырып таңдауының өзектілігімен, қойылған міндеттердің сәйкестігімен, алынған нәтижелермен расталған. Ережелер, қорытындылар мен тұжырымдар негізделген және алынған нәтижелерден логикалық байланысқан.</p> <p>7.2 Диссертацияның негізгі ережелері тривиальды емес, өйткені олар толығымен жаңа.</p> <p>7.3 Диссертация қорғауға ұсынылған барлық ережелер жаңа болып табылады, өйткені олардың жаңалығы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардың басылымдарындағы жарияланымдармен, халықаралық конференциялардағы баяндамалармен және Scopus деректер базасына енгізілген жоғары пайыздық (52 пайыздық) журналдағы жарияланымдармен расталды.</p>

			<p>7.4 <i>Қолдану деңгейі ретінде жоғары бағаланады</i>, әзірленген препарат патогендік бактерияларға қарсы тиімді бактерияға қарсы агент ретінде, сонымен қатар құрғақ көз синдромын емдеуде ұсынылады.</p> <p>7.5 <i>Дәлелденген</i>. Диссертацияның негізгі ережелері 23 жарияланымда көрсетілген, оның ішінде 1 мақала Scopus және Web of Science Core Collection деректер базасына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда; 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда; 8 мақала мен тезистер халықаралық конференциялар жинақтарында; 2 монография, 2 пайдалы үлгіге патент, өнертапқыштық патентке 1 оң нәтиже, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 5 авторлық куәліктер алынды. Зерттеу нәтижелері бірқатар халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланды: Клиникалық фармакология бойынша халықаралық сарапшылардың қатысуымен X Бүкілукраиндық ғылыми-практикалық конференция. Винница қаласы, Украина, 7-8 қараша 2019 ж; К.А.Абдуллинді еске алуға арналған «Фармация және стоматологияның басымдықтары: теориядан практикаға» атты халықаралық қатысуымен VIII ғылыми-практикалық конференция. 2019 жылғы 11 қараша; «Клиникалық фармакологияның қазіргі жағдайы және даму болашағы» атты III Орталық Азия конгресі Бішкек, Қырғызстан, 28-29 қазан 2021 ж.</p>
--	--	--	---

			<i>Қорғауға ұсынылған әрбір ереже зерттеу нәтижелерімен дәлелденген, тривиальды емес, практикалық қолданудың кең деңгейіне ие және басылымдарда жарияланған.</i>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Фармакопеясының, Еуропалық Фармакопеяның, Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастықтың Фармакопеясының және Қазақстан Республикасы аумағында заңды күші бар басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін заманауи зерттеу әдістері қолданылды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Барлық эксперименттер жоғары деңгейде жүргізілген және зерттеу нәтижелерінің сенімділігі күмән тудырмайды. Алынған нәтижелердің сенімділігі жоғары дәлдіктегі заманауи жабдықтар мен компьютерлік технологияларды: фармакологиялық, гистологиялық, офтальмологиялық және иммунологиялық зерттеулерге арналған аспаптар мен құрылғыларды қолдануға негізделген. Статистикалық өңдеу барысында қолданылған бағдарламалық құрал SPSS 26. <i>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен өңдеу әдістерін қолданумен, сондай-ақ алынған мәліметтерді түсіндіру арқылы алынды.</i>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденді және

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>бекітілді. Автор зерттеу әдістерін (дәрілік препараттағы компонент құрамын сандық анықтау, фармацевтикалық субстанцияның цитотоксикалық әсерін бағалау, есептеу алгоритмдері, әдістемелік ережелер және т.б.) өзі әзірледі және тәжірибе жүзінде растады, гистологиялық, фармакологиялық иммунологиялық зерттеулердің нәтижелерін алды, белгіленген әзірленген офтальмологиялық препараттардың фармакологиялық әсерін зерттеді. Диссертациялық жұмыстың авторы мақсары сығындысы негізіндегі жаңа препаратты алудың және фармакологиялық зерттеуді өзі жүргізді. Зерттеу теориялық, эксперименттік және тәжірибелік материалдардың жеткілікті көлеміне негізделген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған расталмаған</p>	<p>Әрбір ғылыми тұжырым дәлелденген, беделді басылымдарға сілтемелері бар.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертант зерттеу барысында негізінен алыс-жақын шетел авторларының жеткілікті көлемдегі әдебиет көздеріне талдау жасай отырып, кең ғылыми ізденіс жүргізген. Пайдаланылған дереккөздер тізімінде орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулар бар. <i>Пайдаланылған әдебиет көздері әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті.</i></p>
		<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p>	<p>Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы айқын, оның нәтижелерін оқу үрдісінде пайдалануға</p>

9	Практикалық құндылық принципі	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>болады. Фармакологиялық тұрғыдан жұмыстың теориялық маңыздылығы докторанттың зертханалық жануарлардағы құрғақ көз синдромына әсерін және микробқа қарсы қасиеттері тиімділігін растауында.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Абуова Ж.Б. диссертациялық жұмысының ғылымға елеулі үлесін қосқанын алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бойынша өндіріс орындарына және оқу процесіне енгізуімен расталды: Нәтижелердің сенімділігі «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ ұсынылған өндіріске енгізу актілерімен және М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің фармакология және офтальмология кафедрасында, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің клиникалық фармакология кафедрасының оқу процесіне енгізу актілері бар.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Басқа жұмыстармен салыстыру негізінде диссертацияда тұжырымдалған негізгі нәтижелердің, тұжырымдардың ғылыми жаңалығы туралы қорытынды жасауға болады.</p> <p><i>Фармацевтикалық негізден дайындау мен фармакологиялық зерттеу барысында алынған нәтижелер диссертацияда ұсынылған әзірлемелер толығымен жаңа болып табылады.</i></p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;</p>	<p>Диссертация кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материалдар мен әдістердің сипаттамасынан, өзіндік зерттеу нәтижелерінен, талқылаудан,</p>

		<p>3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>тұжырымнан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Жұмыстың нәтижелері заманауи офтальмофармакология және иммунология үшін өзекті және маңызды болып табылады. Диссертация материалдары логикалық реттілікпен берілген және статистикалық деректермен, кестелермен және фотосуреттермен көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың жазылауы мен рәсімделу сапасы оң бағаланады.</p>
--	--	--	---

8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Абуова Жанар Болатбековнаның «Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік негіздеу» диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылыми жаңалыққа ие және практикалық маңызы бар ғылыми еңбек болып табылады және талаптарға толық сәйкес келеді, диссертант Абуова Жанар Болатбековна философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты.

Ресми рецензент:

**С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина
университетінің фармакология
кафедрасының меңгерушісі,
медицина ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор**



Сатбаева Э.М.